**Қарағанды облысындағы "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамы Көмір департаментінің "Абай" шахтасындағы аварияның себептерін тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдағы 11 қаңтардағы N 9 Қаулысы

2008 жылғы 11 қаңтарда болған "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "АрселорМиттал Теміртау" АҚ) Көмір департаментінің "Абай" шахтасындағы аварияның себептерін тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қарағанды облысындағы "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамы Көмір департаментінің "Абай" шахтасындағы аварияның себептерін тексеру және жарылыс салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрылсын.

2. Комиссия жедел жұмысқа кіріссін, аварияның себептерін жан-жақты тексеруді қамтамасыз етсін, келтірілген залалдың көлемін анықтасын, зардап шеккендерге және қайтыс болғандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссияның жетекшісі В.К. Божко аварияның себептерін тексеру нәтижелері мен зардап шеккендерге және қайтыс болғандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қаңтардағы N 9 қаулысына қосымша

**Қарағанды облысындағы "АрселорМиттал Теміртау" АҚ Көмір департаментінің "Абай" шахтасындағы аварияның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия**

| | |
|---|---|
| Божко Владимир Карпович | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, төраға |
| Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы | - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық |

ресурстар вице-министрі, төрағаның орынбасары

Камалиев Берік Сайлауұлы - Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары

Бижанов Нұрахмет Құсайынұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінің төрағасы

Құйқабаев Қайырбек Іліясұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша басқарма бастығы

Әбдірахманов Байболат Әбдірахманұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Қазақ тау-кен өнеркәсібіндегі жұмыстардың қауіпсіздігі мемлекеттік ғылыми-зерттеу институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорнының директоры

Қаппасов Нақып Қаппасұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Көмір" әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бастығы

Ходжаев Рустам Ривхатович - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Көмір" қызметі тау-кен құтқарушылар ғылыми-инженерлік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры

Айбеков Қабкен Жақпарұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық

ресурстар министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті көмір өнеркәсібін дамыту бөлімінің бастығы

Шорманов Серікжан Тұрсынханұлы - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік еңбек инспекторы

Торғаев Мейірхан Тұяқұлы - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Тергеу комитеті анықтау басқармасының бастығы

Исмайылов Жұмағали Қазыбайұлы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Емдеу-алдын алу жұмысы департаментінің директоры

Никифоров Михаил Дмитриевич - Қазақстан Республикасы көмір өнеркәсібі қызметкерлері кәсіподағының төрағасы

Перзодаев Мұрат Әбдіқадырұлы - "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамы Көмір департаментінің атқарушы директоры

Спатаев Нұрбек Дайырбекұлы - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қарағанды облысы бойынша бас мемлекеттік еңбек инспекторы

Рамазанов Жаңатай Көлбайұлы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты күйіктер бөлімшесінің меңгерушісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК